

1. Мақала мәтіні қағаз түрінде және электрондық нұсқада ұсынылады
Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторында терілуі тиіс, қаріп – Times New Roman, негізгі мәтіннің қаріп өлшемі – 12 p.t., суреттер мен диаграммалар – 11 p.t., жоларалық интервал – бір, абзацтың бірінші жолындағы шегініс – 1,0, туралау – ені бойынша.

2. Бет параметрлері:

A4 форматы, жолақтар: сол жақ – 2 см, оң жақ – 2 см, жоғарғы – 2 см, төменгі – 2 см.

3. Кестелерді, иллюстрацияларды және әдебиеттер тізімін қоса алғанда, мақаланың жалпы көлемі – 4 беттен 10 бетке дейін.

4. Мақаланың атауы қысқа болуы және мазмұнын нақты көрсетуі тиіс (үш тілде).

5. Қазақ тіліндегі мақала үшін аннотация және abstract, орыс тіліндегі мақала үшін түйін және abstract, ағылшын тіліндегі мақала үшін түйін және аннотация міндетті. Аннотация, түйін және abstract мазмұны бірдей болуы керек. Сөз саны – 100–150.

6. Автор(лар) туралы мәліметтер мыналарды қамтуы тиіс: аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, мекеме атауы, қала, ел, электрондық пошта (үш тілде).

7. Дұрыс рәсімделмеген мақалалардың жариялануы кейінге қалдырылады.

Мақаланың құрылымы

Ғылыми мақаланың құрылымы келесі элементтерді қамтуы тиіс:

1. ЭОЖ (эмбебап ондық жіктеу индексі) – сол жақ жоғарғы бұрышта (11 p.t.). Мақалаға ЭОЖ тағайындау үшін сайтты пайдалануға болады: <http://teacode.com/online/udc/>

2. Автор(лар)дың аты-жөні ортасында, ені бойынша тураланған (12 p.t.).

Лауазымы, ғылыми дәрежесі мен атағы, ұйым атауы, қала, ел (үш тілде) – 11 p.t. Авторлар туралы мәліметтер ортасына жазылады, инициалдар мен тегі (алдымен инициалдар, кейін тегі – Л.А. Мырзаев), қаріп – қалың. Бір журнал санында автор бірлескен авторлықты қоса алғанда екі мақаладан артық жариялай алмайды. Авторлар саны 5 адамнан аспауы тиіс.

3. *Корреспонденцияға арналған автор: * авторды көрсету, авторлардың бірінің электрондық поштасы, 11 p.t.

4. Мақаланың атауы – бір жолдан кейін, қалың қаріппен, ортасына тураланады. Мазмұнын дәл көрсетуі, қысқа әрі нұсқа болуы тиіс. Атауда сөздерді қысқартуға жол берілмейді – Caps Lock, 12 p.t.

5. Аннотация – мақала тілінде, шегініс 1 см, 11 p.t. Бір жолдан кейін көлемі 100–150 сөз.

Аннотация бір абзацтан тұрады:

– қазақ тіліндегі мақала үшін – орыс және ағылшын тілдерінде;

– орыс тіліндегі мақала үшін – қазақ және ағылшын тілдерінде;

– ағылшын тіліндегі мақала үшін – қазақ және орыс тілдерінде.

Аннотация құрылымына МІНДЕТТІ түрде мыналар кіреді:

- зерттеудің мақсаты,
- зерттеу әдістемесі,
- зерттеудің жаңалығы (күндылығы),
- зерттеу нәтижелері.

Аннотация (авторлық түйін) ғылыми жұмыстың қысқаша мазмұнын білдіреді. Аннотация бойынша оқырман зерттеудің мәнін түсінуі тиіс. Нәтижелер барынша нақты әрі мазмұнды сипатталуы керек. Мәтінде қосымша ақпарат, артық кіріспе сөздер, жалпы мағынасыз тұжырымдар, қысқартулар мен әдебиеттерге сілтемелер болмауы тиіс. Аннотация бір абзацпен рәсімделеді.

Сапалы рәсімделген және дұрыс аударылған аннотация мақалаға қызығушылықты арттырады және шетелдік әріптестер тарапынан дәйексөз алу ықтималдығын жоғарылатады.

6. Кілттік сөздер – 5–7 сөз, 11 p.t.

Іздеу үшін арналған, шегініс 1 см, 5–7 сөз.

Іздеу сұраныстарына жатпайтын күрделі құрылымдардан аулақ болу қажет. Түйін сөздер өзекті, табиғи болуы және мәтінді артық жүктемеуі тиіс.

7. Мақаланың мәтіндік бөлігі (12 p.t.).

Мақаланы құрылымдау қажет, тақырыпшалар нөмірленбейді, мысалы:

Кіріспе

Жұмыстың өзектілігі, әдебиеттерге шолу, зерттеудің негізгі тұжырымдары

Материалдар мен әдістер

– Теориялық талдау

– Эксперименттік бөлім

Суреттер, карталар, фотосуреттер, кестелер мен формулалар компьютерлік техникамен орындалып, мәтінде алғаш аталған жерінен кейін орналастырылуы тиіс.

Суреттер араб цифрларымен нөмірленеді, атауы суреттің астына ортасына жазылады (Сурет 1 – Сурет атауы).

Кестелер мәтінде алғаш аталғаннан кейін немесе келесі бетте орналастырылады.

Кестенің нөмірі мен атауы беттің сол жағында көрсетіледі (Кесте 1 – Кесте атауы).

Кесте келесі бетке ауысқанда бағандар нөмірленіп, оң жағында «Кесте 1 жалғасы» деп көрсетіледі.

Формулалар Microsoft Equation немесе MathType редакторында терілуі тиіс. Барлық қысқартулар алғашқы қолданылған жерде түсіндіріліп жазылады.

Нәтижелер және оларды талқылау (кем дегенде 1,5 бет)

Қорытындылар

Қорытынды, зерттеу нәтижелері және талқылау, практикалық ұсыныстар мен ұсынымдар.

– Қаржыландыру туралы ақпарат (бар болса)

Алғыс

Бар болған жағдайда бір абзацпен көрсетіледі, қаржыландыру көздері, ұйымдар, көмек көрсеткен тұлғалар көрсетіледі.

Әдебиеттер тізімі

Бір жолдан кейін, ортасына жазылады.

Әдебиеттер тізіміне тек мәтінде пайдаланылған және жарияланған немесе жариялауға қабылданған еңбектер енгізіледі.

Әдебиеттер мәтінде аталу ретімен нөмірленеді.

Соңғы 10–15 жылдағы дереккөздер кемінде 70% болуы тиіс.

Әдебиеттер саны кемінде 7.

Мәтінде сілтемелер квадрат жақшада көрсетіледі ([1], [2] ...), бет нөмірлері көрсетілмейді.

References

Қазақ немесе орыс тіліндегі мақалалар үшін транслитерацияланған әдебиеттер тізімі міндетті.

Орыс тіліндегі дереккөздер үшін: <http://translit-online.ru>

Қазақ тіліндегі дереккөздер үшін: <https://qazlat.kz>

Мақала соңында автор(лар)дың толық аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы, жұмыс орны, ұйым атауы, қала, ел, электрондық пошта, мақала атауы, аннотация және түйін сөздер мақала тілінен басқа екі тілде беріледі.

Редакция мақалаға қос соқыр рецензиялау (double-blind review) жүргізеді.

Мақала плагиатқа тексеріледі. Түпнұсқалық кемінде 70% болуы тиіс.

Ұсыну шарттары

1. Қолжазба бұрын жарияланбаған болуы керек және басқа журналда жариялау үшін қарастырылмауы керек.
2. Журналдың бір санында автор екі мақаладан артық емес, оның ішінде бірлескен авторлықты жариялай алады (басқа істерді Редакция алқасы шешеді).
3. Авторлар саны 5-тен аспауы керек. Қолжазбаны тапсыру кезінде авторларға редакторлар әзірлеген талаптар мен шаблондарды қайта қарау ұсынылады:

[Қолжазба үлгісі](#)

[Сілтемелерді пішімдеу үлгісі](#)

Редакциялық байланыстар "Оңтүстік Қазақстан ғылым Жаршысы – Вестник науки Южного Казахстана – South Kazakhstan science Herald" жауапты редакторы: Айнабеков Н.Б. - баспа

қызметі бөлімінің Ғылыми-аналитикалық ақпарат Орталығының басшысы. Техникалық редактор: Александриди Е.Ю., Ғылыми-аналитикалық ақпарат орталығының бас маманы. Редакцияның мекен-жайы: Қазақстан, Шымкент қаласы, Тәуке Хан даңғылы, 5, № 16 ғимарат, 2 қабат, 206 кабинет, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Тел.: +7 (7252) 21-19-82, 30-05-71, +7 778 534 20 42

Электрондық пошта: sksh.journal@aeuzov.edu.kz

Жарияланым ақысы

Егер мақала жариялауға мақұлданса, авторға төлем нұсқаулары жіберіледі. Жариялау жарнасы - 4000 теңге.